

новки в мире, и в первую очередь в АТР.

В результате анализа можно прийти к выводу, что, несмотря на имеющийся солидный экономический, финансовый и технологический потенциал, роль и место Японии в экономике региона, особенно в среднесрочной и долгосрочной перспективе, будет снижаться по мере роста качественных показателей экономики КНР. Это позволяет прогнозировать усиление экономической конкуренции и соперничества между КНР и Японией в перспективе. Также можно предположить, что по мере наращивания экономического и военного потенциала КНР будет расширяться и поле взаимных китайско-японских противоречий, затрагивающих, к примеру, оценку роли Японии во второй мировой войне и исторического опыта взаимоотношений двух стран, тайваньский фактор, территориальные споры, модернизацию китайских вооруженных сил, проведение ядерных испытаний в КНР и т.д. Однако эти противоречия, по нашему убеждению, не смогут воспрепятствовать поступательному развитию двусторонних экономических связей. Китайско-японские отношения останутся важнейшим фактором во внешнеэкономической политике Пекина и Токио, влияющим на политическую и экономическую ситуацию в регионе. При этом особо хотелось бы отметить, что динамика китайско-японских отношений, роль Китая и Японии в регионе и мире, ход процессов экономической интеграции в Восточной Азии с участием этих двух

стран имеют ключевое значение для Казахстана в деле реализации ее внешнеэкономической и внешнеполитической стратегии на Восточноазиатском направлении.

\*\*\*

- 1 Носов М.Г. Японо-китайские отношения (1949 – 1975). – Москва: Наука, 1978. – 216 с.
- 2 Мазуров В.М. США-Китай-Япония: перестройка межгосударственных отношений (1969-1979). – Москва: Наука, 1980. – 215 с.
- 3 В.Э.Молодяков, Э.В.Молодякова, С.Б.Маркарьян. История Японии. XX век. - М., 2007. с.453.
- 4 А.Семенов. Внешнеполитические ориентиры Японии и Китая (90-е гг.). - М., 2001. с. 167.
- 5 Речь премьер-министра Абэ С. в парламенте// Асахи симбун. 21.01.2007.
- 6 Пекин и Токио пообещали простить друг другу «ошибки» Второй мировой войны// «Новый Регион» 07.05.08
- 7 Роман Федосеев. Восточная оттепель: Китай и Япония готовы забыть о прошлых обидах и нарастить экономическое сотрудничество// Женьмин жибао. 7 мая 2008

\*\*\*

Мақалада Қытай Халық Республикасы құрылғаннан бастап қазіргі кезеңге дейінгі жапон-қытай қарым-қатынастарының даму кезеңдеріне сараптама жасалған. Екіжақты қатынастардың нормативті-құқықтық базасының құрылуына ерекше назар аударылады.

\*\*\*

In given clause stages of development of the Japanese-Chinese attitudes from the moment of formation of the Peoples Republic of China till today are analysed, and the special attention is paid to becoming normative- legal base of mutual relations.

## Д.С. Байгунаков

### УСУНЬДЕР: ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Ежелгі усуньдердің отандық тарихнамадағы орны ғалымдар тарапынан көптен бері көтеріліп келе жатыр. Әйтсе де усунь тарихының сан алуан қырлары туралы пікір-сайыстар әлі күнге дейін толастай қойған жоқ. Мұны проблемаларға қатысты тарихнамалық бағыттағы ізденістердің жоқтығымен, жекелеген жайттардың деректанулық тұрғыдан

кемшін тартып жатуымен, кейбір мәселелердің толымды түрде зерттелмеуімен байланыстыруға болады. Әлбетте, соңғы жылдары усуньтану біршама дами түсті. Оған бірінші кезекте жаңа леп берген, тың пайымдаулармен усунь тарихнамасын байыта түскен археологтар мен шығыстанушы-мамандар еді. Дегенмен усуньтанудың жекелеген

проблемаларында мамандардың пікір алшақтығы жиі кездесіп қалып отырады. Сол себепті де усуньдерге қатысты ғылыми ізденістерді жүйелеп, оның негізгі сауалдарын айқындап өту қажеттілігі де байқалып қалады.

Усуньдер тарихнамасы соңғы жылдары бірқатар жас зерттеушілер тарапынан қарастырылғанымен, мәселенің тек хронологиялық тұрғыдан қойылуы, проблеманы қарабайырландырып, оны толымды әрі жан-жақты түрде зерделеуге мүмкіндік бере қоймады /1/. Әйтсе де усунь тарихнамасына арналған бірқатар ғылыми ізденістер өзінің терең мазмұнымен әрі ауқымдылығымен де көзге түседі. Мәселен, С.Сұңғатай өзінің «Ежелгі усунь (үйсін) тарихы мен археологиясының қазіргі қытай тарихнамасындағы зерттелуі» атты мақаласында аталмыш проблемаға қатысты тарихнаманың бір парасын қарастырып, салихалы қорытынды жасай білді /2/. Ол ең алдымен ханзу дереккөздерін сипаттай келіп, усунь проблемасымен айналысқан Қытайдағы ғалымдардың (Мэн Фанжэн, Чен Чжунмян, Су Бэйхай, Н.Мыңжани, Н.Мұхаметханұлы, Ж.Мырзахан, Юй Тайша, т.б.) еңбектерін саралап, археолог-ғалымдардың (Хуан Вэнби, Ван Минчжи, Ван Бо, Чэн Чженго, Тұрсын Ғайса, Чжан Юйчжун) далалық ізденістерін қорытындылап берді. Бұдан соң автор әрбір ғалымның айтқан пікірлерін жүйеледі де, олардың усуньтану ғылыми бағытына қосқан сүбелі үлестерін таразылып шықты.

Жалпы алғанда, усуньдерге қатысты дереккөздері екіге бөлінеді. Біріншісі, жазба деректемелері болса, екіншілері – археологиялық қазба дереккөздері. Бұл екі топ деректемелері бірін-бірі толықтырып тұрғанда ғана усунь тарихының беттерін біршама толымды түрде қарастыруға болатындығы белгілі жайт.

Бірінші топтағы бізге жеткен дереккөздері (Шицзи, т.б.) көптеген мамандардың еңбектерінде көтерілген. Оның негізін салған Н.Я.Бичурин /3/ болып табылады. Кейіннен бұл қор толығына түсті, көне қытай мәтіндерінің жекелеген

жолдары, бөліктері, т.б. нақтыланды /4/. Сонымен қатар Н.В.Кюннер /5/, В.С.Таскин /6/, Л.А.Боровкова /7/ сынды ғалымдардың құрастырған жинақтары мен ізденістері де деректемелік қорды одан сайын ұлғайта түсіп, кейбір сауалдар бойынша таным-түсініктер аясын кеңейтті. Соңғы жылдары усуньдерге қатысты деректемелік қор бізге біршама толық күйінде қазақ тілінде жетті /8/. Сонымен қатар Қытай жеріндегі усунь археологиялық дереккөздері де Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қазақ оқырмандарымен қауышып отыр /9/.

Ал екінші топтағы усуньдерге қатысты археологиялық деректемелерге келетін болсақ, ол да қомақты қорды құрайды. Қазақстан, Қырғызстан, Қытай мемлекеттері аумағынан ондаған жылдар бойы усунь ескерткіштері көптеп зерттелініп келеді. Әсіресе кеңестік дәуірде Қазақстан мен Қырғызстан жеріндегі усунь ескерткіштерін зерттеумен Тереножкин, М.В.Воеводский, М.П.Грязнов, А.Н.Бернштам, Л.П.Зяблин, А.КАбетек, т.б. мамандар азды-кемді айналысқан болатын. Дегенмен Қазақстан археологтары (К.А.Ақышев, Г.Кушаев, Е.И.Агеева, А.Г.Максимова, т.б.) усунь ескерткіштерін басқа елдердегі әріптестеріне қарағанда біршама ауқымды түрде зерттеді. Мұны көрші мемлекеттерде усунь ескерткіштері аз деп ұқпау керек, оны археологиялық нысандардың жүйелі қарастырылмай жатумен түсіндірген жөн сияқты. Айталық, ҚХР-да 1989 жылы жүргізілген тарихи-мәдени ескерткіштер есепке алу барысында Іленің жоғарғы салаларынан ғана сақ-усунь заманының он мыңнан астам обалары анықталған /2; 9, 14/. Жетісу өңіріндегі усунь археологиялық ескерткіштерін А.Досымбаева өзінің «Культурный комплекс тюркских кочевников Жетісу. II в. до н.э. – V в. н.э.» атты монографиясында ғылыми саралаудан өткізіп, нысандардан алынған материалдарды, жерлеу кешендерінің хронологиясын, кезеңдестірілуін, этномәдени ерекшеліктерін, т.б. жайттарын бағамдап берген /10/. Автор әрбір ескерткіштің құрылымы, мүрденің

орналасуы, алынған заттар сипаты, т.б. мәселелерді қамтыған таблица (42 дана) кешенін құрастырып шыққан. Біз үшін әсіресе №42 таблица өте қызықты. Онда I ғасырдан бастап VIII ғасырға дейінгі аралықты қамтитын жапсырмалы сопақша келген қыш ыдыстың эволюциясы көрсетілген /10, 198/. Бұл артефакт жиынтығы усунь «мәдениетінің» Жетісудағы үздіксіз дамуын нақты аңғартады. Қыш ыдыс азды-кемді өзгерістерге ұшырағанымен, оның негізгі тұрпаты (бәлкім, семантикасы да) толығымен сақталған. Сірә, аталмыш археологиялық материалдар біраз усуньдердің ешқайда кетпей, осында өмір сүргендігін, кейіннен қазақ халқының ұйытқысы болғандығын дәлме-дәл түрде дәлелдесе керек.

Деректер кешеніне қысқаша тарихнамалық шолу жүргізгеннен кейін, ендігі кезекте усунь «проблемаларына» қатысты кейбір жайттарға әр қырынан тоқталып кеткен жөн сияқты.

Бір айта кететін жайт, ұзақ жылдар бойы усуньдерде мемлекеттіліктің болғандығына қатысты да пікір-таластар орын алып келді. Кеңестік тарихнамада біршама уақыт усуньдердің қоғамдық құрылысы алғашқы қауымдық, ал олардың бірлестігі тайпалық одақ ретінде сипатталынды. Алайда археологиялық мағлұматтар мен материалдық дамуды ескеріп, В.Ф.Шахматов алғашқылардың бірі болып усунь бірлестігі бастапқыда тайпалық одақ, кейіннен біздің заманымыздың алғашқы ғасырларынан бастап тағылық (варварлық), феодалдыққа дейінгі мемлекет болды деп тұжырым жасады /11, 69/. В.Ф.Шахматов феодалдыққа дейінгі, тағылық деңгейдегі мемлекетке – құл иеленушілікке де, феодалдық типтегі мемлекеттерге жатпайтын өзіндік әлеуметтік мәні бар, феодалдыққа өтейін деп тұрған мемлекет ретінде анықтама берді. Біздің ойымызша, ғалымның бұлай қорытынды жасауына, біріншіден, мәселені формациялық даму шеңберінде қоюы, екіншіден дереккөздерінің жетіспей жатуы әсер етті. Шындығына келгенде, усунь, кангюй құрылымдарының мемлекеттік мәселесі

қытай мәтіндеріндегі аудармаға байланысты өрбіген еді. Кезінде Н.Я.Бичурин (Иакинф) «xing guo – көшпелі мемлекет» деген сөзді «көшпелі» иелік» деп аударған болатын. Осыған байланысты ғалымдардың барлығы усунь қоғамын зерттеуде қателіктерге бой алдырған еді. «Го» сөзінің тасада қалып, «мемлекет» деп аударылмауы, шығыстанушы Н.Мұхаметханұлының айтуынша, Қазақстан тарихын зерттеу ісінің дамуына бір жарым ғасырдай кедергісін келтірді /12, 60/. Расын айтқанда, усуньдерде мемлекеттіліктің болғандығы осы термин бір жөнге келтірілген соң барып қана толық толастай бастады. Оған дейін «көшпелілерде мемлекет болмаған» деген сынайдағы көзқарастар тарихнамада толық үстемдік құрып тұрды.

Енді осы мемлекеттің аумағы жайлы ғалымдардың ой-пікірлеріне тоқталып кетелік. Тарихи әдебиеттерде усуньдердің астанасы Ши-гу немесе Чигу-чэн, ол қытайшадан аударғанда Қызыл аңғар (Қызыл алқап, Қызылқорған) деген (чэн – қыт. қала) мағына береді, бұл қала Ыстықкөл маңында болған деп айтылған ұстаным кеңінен таралған. Әйтсе де Чигу қаласының орнын мамандар толық анықтай қойған жоқ /13/. Бұл да усунь тарихнамасындағы күрделі мәселелердің бірі. Сірә, аталған қала орнын белгілі бір нысанмен салғастыру үшін ең алдымен жазылған деректер хронологиясына, онда орын алған уақыт мерзіміне, саяси жағдайларға назар аударған абзал. Бәлкім, Чигу қаласы белгілі бір мерзімде ғана астана болған шығар. Кейіннен астана саяси жағдайларға байланысты көшірілген де болар. Усунь саяси тарихында біршама уақыт Іле өзенінің аңғары маңызды орын алғандығы белгілі. Усунь астанасын осы төңіректен де іздестірген орынды сияқты. Дегенмен бұған бағдар алу үшін алдымен мемлекеттің аумағын анықтап алған жөн.

Ал бұл мәселе әлемдік тарихнамада әлденеше рет көтерілген (Дегинь, Рихтхофен, Аристов, т.б.) болатын. Айталық, қытай зерттеушісі Су Бихай былай деп жазады: «Үйсіндер алдыңғы және кейінгі Хан патшалығы дәуірінде

Батыс өңірде жан саны ең көп ұлт болатын. Олар сол кезде Манас өзені мен Балқаш көліне дейін құлаш ұрған Іле, Шу, Ыстықкөл алқабын мекендейтін» /14, 144/. Белгілі шығыстанушы Ю.А.Зуев болса, ежелгі усуньдердің б.з.б. II ғасырдан бастап батыста Қырғызстандағы Талас алабынан шығыста Алтай өңіріне дейінгі ұлан-байтақ аралықты мекендегендігін айтады /15, 5/. Бірқатар ғалымдардың осы мәселеге қатысты айтқан ойларын қорытындылай келіп, Н.Мұхаметханұлы /16, 281/. Үйсін мемлекетінің негізгі аумағы Іле, Жетісу және Ыстықкөл өңірлері болғандығы даусыз мәселе деп қайырады. Археологиялық мағлұматтарға сүйенген кейбір зерттеушілер (С.Сұңғатай, Б.Еженханұлы) сақ-усунь ескерткіштері көптеп анықталған жерлерге Іле аңғарын, Еренқабырғаны, Орталық және Шығыс Тянь-Шань тауларының қойнауларын, Жоңғар Алатауының бөктерлерін, т.б. жатқызған /9, 13/. Этнолог әрі археолог Ә.Т.Төлеубаев /17, 27/ ежелгі усуньдер Тарбағатайдың теріскейін де мекен еткен деп жазады. Ол ойын 1989-1990 жылдардағы, 1998 жылғы ҚазМУ-ң ерте көшпенділерді зерттейтін археологиялық экспедициясы анықтаған 70-тен астам обалардың материалдары бойынша (Құлбабас обалар тобы, т.б.) дәйектейді. Соңғы жылдары көне замандардағы әскери-саяси тарихты зерттеп жүрген алантанушылардың бірі Н.Н.Лысенко усуньдердің жас билеушісі Мөдеден әскер алып Іле алабындағы юечжилерге шабуылды тек Тарбағатай өңірінен бастауы мүмкін екендігін азды-кемді дәлелдеп шыққан /18, 131/. Ол сонымен бірге усуньдер белгілі бір уақытта Тұрфан жазирасын (оазисін), Таулы Алтайды, Жетісуды мекен еткен деген ой айтады /18, 172/. Алайда бұл зерттеуші усуньдерді аландар деп қана таниды, нәтижесінде IX ғасырдағы мағлұматтарға сүйеніп, аландар Тұрфанның арғы шетінде (қытай авторлары Тұрфанның бергі жағын меңзеп тұр – *авт.*) тұрған деп қателіктерге бой алдырады. Сөйтіп, усуньдердің мемлекеттік аумағына қатысты жоғарыда келтірілген бірқатар мамандар көзқарастары Ю.А.Зуевтің

тұжырымдамасын қолдайды және де қазақстандық шығыстанушының осы сауалға байланысты ой-пікірлері біршама дұрыс екендігін байқатады. Усунь жері туралы кейіннен ерте ортағасырлық қытай авторлары да айтып кеткен. С.Сұңғатайдың айтуынша «Ежелгі Үйсін жері» деген тіркес (көне қытай тілінде «У-Сунь-Гу-Ди», немесе «У-Сунь-Жю-Ди») Қытайдың тарихи жылнамаларында жиі қайталаанады. Ол географиялық жағынан Жетісу өлкесі мен Ыстықкөл маңы және Шығыс Түркістанның солтүстігі мен батысын меңзейді» /19, 20/. Расында да, көне түрік қағандары усунь мирасқорлары болғандығын қытай дереккөздері де айтып кеткен еді. Мұны археологиялық деректемелер де қуаттайды. Оған төменде тоқталып кетеміз.

Сонымен қатар, ғалымдар арасында әуел бастан *усунь* терминіне қатысты пікір-сайыстар орын алғандығы белгілі. Белгілі шығыстанушы Ю.А.Зуев «усунь» этнонимінің этимологиясына кеңінен тоқталып кеткен. Оның айтуынша, Цинь кезеңінің тарихшысы Сун Юн «усунь» сөзін моңғолдың «су» деген сөзінен шығарған /15, 14/. Зерттеушінің өзі бұл терминді усуньдердің шығу тегіне қатысты мифологияны негізге ала отырып, «қарғалардың ұрпағы (тұқымы)» дегенді білдіреді, кейіннен ол түріктердің билеуші әулеті «ашина» болып (ушун – ашина) болып өңі айналған деп есептеді /15, 14/. Алайда біршама уақыттан кейін С.Кляшторный /20, 111-112/ «ашина» мен «усунь» терминдерін мағыналастыру негізсіз деп тапты. Оның пікірінше, «ашина» өз бастауын хотан-сақ тіліндегі *asana*, яғни абыройлы, беделді, лайықты, асыл сынды мағынадан алады. Ю.А.Зуев бұдан соң усунь этнонимінің түбірі иран тіліндегі *асман* сөзінен шықты деген ой айтты және мұны соңғы жылдардағы еңбектерінде де «аспан» деп, яғни аспан астындағы ұрпақ деп баса көрсетті. Ол б.з.б. 107 жылғы Хань императоры усунь билеушісіне әйелдікке берген ханшайымның «мені Аспан еліне күйеуге берді» деген сынайдағы сөздерін дәлел ретінде келтіреді. Әйтсе де Ю.А.Зуев /21, 23/ у-сунь таңбасының иероглифтік

этимологиясы «қарға ұрпағы» мәнін беретіндігінен бас тарта қойған жоқ. Мұны П. Даффин, т.б. мамандар да қолдайды. Кім біледі, қазақтың «Қарға тамырлы қазақ» сөзі содан бастау алатын да шығар. Қазақстандық археолог А.М. Досымбаева да усунь сөзі а-сман деп біледі /10, 78/.

Бірқатар мамандар усунь терминін түркі тіліне жақындастыра түседі. Белгілі ғалым Ғ. Мұсабаев /22, 71/ өз кезегінде «Үйсін деген атау үй және сін (шең) деген екі сөз» дей келе, бір нәрсенің топталған жері, үйілген нәрсе түрікмен тілінде *үйшен* деп аталады, яғни үйсін сөзі ру, тайпалардың жиналған жері, мемлекеті деп ұғуға болады деп пайымдау жасайды. Бұған ұқсас тұжырымды А. Әбдірахманов /23, 52-53/ да жасаған, ол үйсін этнонимінің этимологиясы екі құрауыштан (компоненттен) тұрады, оның түбірі *үй*, бұл *өг* (ана, ру) сөзінің бір нұсқасы, *сун-//сін* формалары жаңа сөз жасайтын жұрнақ деп есептейді.

Антикалық дереккөздерінде кездесетін «исседон» этнонимін де көпшілік авторлар осы усуньмен байланыстырады. Мұны алғашқылардың бірі болып А.Н. Бернштам дәйектеген болатын. Бұдан кейін мұны бірқатар отандық зерттеушілер (Пацевич, Агеева, т.б.) да қолдады. Алайда «исседондар» Қазақстанның батыс және орталық өңірлерін мекендеуі мүмкін екендігін айтқан зерттеушілер (Қадырбаев, т.б.) де көп.

Соңғы жылдары бұл пікір қайта түрленіп, жаңаша тұжырымдарға негізделіне бастады. Бұрынғы ғылыми дәтүрді жалғастырған Т.О. Омарбеков «исседон» этнонимін өздерінің тілдеріне икемдеп «үсін» деп атап кетті дейді /24, 9/. Сонымен қатар, терминді қайтадан талдауға ұмтылған зерттеушілер де бар. Айталық, И.В. Васильев /25, 78-79/ исседон этнонимі, өз кезегінде: «исси» – қырғыз, қазақ тілдеріндегі «ыссы», «ыстық»; ал «дон» иран, осетин тілдеріндегі «өзен» деген мағына береді деген ой айтады. Біздің ойымызша, екі бөлек тілдерден бір сөздің құралуы көне замандарда кездесе қоймайтын дүние, олардың түбірі бір тілде болуы ықтимал, сонда ғана этноним

қалыптасуы мүмкін, сол себепті әзірге бұл пікір көңілге қонымсыз. Бұл ғалымның пікірінше, усунь түбірі сумен байланыстырылады, ежелгі қытайлықтар бұлай деп тек «жетісулықтарды» ғана атаған. Алайда автор усуньдердің этникалық аумағының жай-жапсарынан, оның ғасырлар бойы азды-кемді өзгерістерге ұшырағанынан, Шығыс Түркістанда Үйсін тауы секілді топонимиканың кездесетіндігінен, яғни усунь тарихының көне беттерінен бейхабар. И.В. Васильев қытай күнтізбесіндегі «Юй шуй – жаңбыр суы», корей күнтізбесіндегі «Усу – жаңбыр суы», сондай-ақ жылқы жылымен сәйкес келетін №7 жылды қытайлықтардың «у» деп атауы секілді жайттарды өз сөзіне дәлел ретінде пайдаланады. Бұлардың арасынан жылқы мағынасын береді деп айтып тұрған «у» ғана сәл-пәл көңілге қонымды. Болашақта осы бағытта да ғылыми ізденістер жүргізу қажет секілді. Өйткені усуньдерде мыңғыраған малдың, соның ішінде жылқының көп екендігі қытай деректерінде де айтылады.

Дегенмен усунь этнонимі Хань дәуірінен бұрынғы жазбаларда кездеседі, оның семантикалық реңкі кейіннен барып қана өзгерген дейтін ғалымдар да ұшырасады. Мәселен, Қытай, Жапония, Еуропа дереккөздері мен ғалымдарының көзқарастарын саралай келе Юй Тайшан усуньдер қытай жазбаларында аталатын юн-синдердің ұрпағы, юнсиндер б.з.б. YII ғасыр соңында қазіргі Гансу мен Шығыс Тянь-Шань өңірінен Іле, Шу өзені аңғарына қоныс аударған, батыс деректерінде олар исседон, асси деп аталады деген жорамал жасаған /2, 379/. Қазақстандық шығыстанушы Н. Мұқаметханұлы болса, усунь тарихын одан де ерте замандарға апарайды. Бұл ғалым біздің заманымыздан бұрынғы бірінші мыңжылдықта хатталған «Зо жуан» қатарлы жазбаларында «Күн иі», «Күн рон» деген этноспен усуньдерді байланыстыра қарастыруды ұсынады. Оның ойынша, «Күн» деген иероглиф сол сөзді қолданушыларды нақты аңғартады және біздің заманымыздан бұрынғы бірінші мыңжылдықтағы деректерде «Күн

иі елі қазіргі Қытайдың батыс өңірінде көшіп-қонып жүрді» делінген. Осыған қарағанда, осы ел б.з.б. ІҮ-ғасырға дейін өздерін «Күн әулетіміз» немесе «Күн ұрпағымыз» деп атаса керек дейді. Сондай-ақ ғалым жоғарыда айтылған «асман» сөзін усунь деп оқу дұрыс емес, қоғамның дамуы мен биліктің орталықтануына байланысты олар ең жоғарғы билеушісін кейіннен Күнге теңеген (күнби) деп топшылайды. Сол себепті де көшпелі өмір сүрген бұл этносты қытай авторлары олардың өз атауы бойынша ғана хаттаған. Оның пайымынша, қытайшадағы У сүн не У суньды әсілгі дыбысталуына қайта транскрипциялайтын болсақ, ол үйсін болып шығады /16, 276-277/. Ғалымның пікірлері, усуньге қатысты тұжырымдары мен келелі пайымдаулары оның көптеген еңбектерінде өрілген. Оларға төменде тек қана тоқталып кетеміз.

Ал тағы бір тоқтала кететін жайт, усунь археологиялық ескерткіштері олардың орналасуын, заттық мәдениетін нақты көрсетеді. Қазіргі таңда усуньдердің жүздеген ескерткіштері (қорымдары, қоныстары) зерттелген. Жетісудағы материалдардың басым бөлігі ерте темір дәуірінің бас кезінен (сақ заманынан) ерте орта ғасырларға дейін мұнда мәдени даму үзіліссіз жалғасқандығын, оның біршама түрленіп кейінгі уақыттарда да жасап тұрғандығын дәлелдейді. Дегенмен кейбір авторлар (С.Кляшторный, т.б.) усуньдер сақтарды, юечжилерді ығыстырып, қуып жіберді, олардың орнына өз мемлекетін құрды деп екі арадағы мәдени-тарихи байланысты үзіп тастайды. Мұның барлығы деректерге жете мән бермеуден туындап отыр. Негізінен алғанда, Боровкова келтірген «Хань шу» дерегінде усунь мемлекетінің мирасқоры Мөдеден өз халқы мен әкесінің өлімі үшін кек алуға көмек сұрайды. Бұдан соң ол әскер алып Іле аңғарына басып кіреді де, юечжилерді талқандайды. Деректе былай делінген: «/Он/ попросил у шаньюя разрешение отомстить за отца, на западе напал на больших юечжей и разгромил их. Большие юечжи снова двинулись на запад и переселились в земли Дася. Куньмо же

захватил /часть/ их людей и остался жить /на их землях/» /7, 108; 18, 130/. Ал зерттеушілер мұны ескере бермей, көбіне қазақ халқының кірігуін, қалыптасуын миграциялық бағытта болған деп кері тартады.

Осы дерек мәтінінен бірнеше мәселені аңғаруға болады. Ең алдымен, күнби юечжилерді жаулап алды, олардың бір бөлігін бағындырды, біразын Грек-Бактрияға қарай ығыстырып тастады. Аңыз бойынша усуньдердің билеушісін жас кезінде шаньюй асырап алған. Ол кейіннен болашақ күнбиге әскер беріп оның елін, жерін қайтарып берген. Демек, әуел бастағы юечжилер шапқыншылығынан кейін усуньдердің бір бөлігі олардың билігін мойындауға мәжбүр болған. Әйтпесе күнби қалайша бос жерде өз мемлекетінің негізін қалайды? Хунну әскері кері қайтқанның өзінде, олардың да біразы осында қалуы да мүмкін. Себебі олар күнбидің тірегі болған еді. Олар шаньюй тапсырмасымен күнби іс-әрекеттерін қадағалған да шығар. Осыған сай орталық билікке көңілі толмаған юечжилердің бір бөлігі осында қалған деуге болады. Мұнда сақтардың да бір бөлігі дәл осылай қалса керек. Бұл жерде археологиялық деректемелер де оған дәлел бола алады. Академик К.М.Байпақов жерлеу ескерткіштерінің өзіндік ерекшеліктеріне қарап, б.з.б. ІІ ғасыр орта тұсындағы көшпелі юечжи мен усунь тайпаларының Орталық Азиядан келді де, усуньдер жергілікті сақ тайпаларын және юечжилердің бір бөлігін бағындырды; усунь одағына жергілікті сақ тайпалары мен юечжилер қосылғаннан кейін бірлестіктегі адамдар саны 630 мыңға жетті; дегенмен Жетісу мен Тянь-Шань тұрғындарының басым бөлігін бұрынғыдай жергілікті сақ тайпалары құрауы әбден мүмкін; жергілікті тұрғындардың басым болуы археологиялық ескерткіштер құрамынан да көрінуі керек; жазба дереккөздеріне қарағанда Жетісу мен Тянь-Шань тұрғындары этникалық жағынан әркелкі болды; мұнда сақ, юечжи және усунь халықтары мекен етті; бұған бір уақытқа жататын сан алуан археологиялық материалдар да қайшы келе қоймайды – деп жазады /26, 156/.

Расында да, әлемдік тарихнамада усунь терминінің мән-мағынасы әлі күнге дейін толымды түрде анықтала қойған жоқ. Ол академик К.М.Байпақовтың пікірінше, қазіргі таңдағы дыбысталуы қазақтың *үйсін* атты этнонимдерінің бірімен, тайпа атауымен, яғни Ұлы жүз құрамындағы этникалық құрауыш атауымен толық үндеседі /26/.

Қалай болғанда да, К.М.Байпақов усуньді Ұлы жүз – үйсіндермен байланыстырған оң деп есептейді. Алайда қазақ халқының этникалық тұтастығын жоққа шығаруға ұмтылушы ғалымдар да жеткілікті. Олар бүгінгі қазақтың автохтондығын көпе-көрнеу ескермейді. Тіпті кейбір зерттеушілер (Н.Н.Лысенко, т.б.) усуньдерді алдымен аландардың, одан кейін барып осетиндердің ата-бабасы ретінде қарастырады. Мұндай дәйексіз ізденістердің орын алуы, біздіңше, усунь тіліне тікелей қатысты. Усунь тілі ұзақ жылдардан бері қарастырылып келе жатқан усуньтанудағы күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Усуньдер кезінде инд-гот (Абель-Ремюза, Клапрот), түрік-инд-гот (Грумм-Гржимайло), финн-угор (Гренар т.б.) тілдерінде сөйлеген деп зерттеушілер сан саққа апарған-ды. Бұған усуньдерді шығыс ирандық асиандармен байланыстырған бірқатар ғалымдарды (Григорьев, Вернадский, Толстов, т.б.) да қосуға болады. Мұнымен бірге усуньдерді А.Н.Бернштам ғұндар түркілендірді деп тапты (Очерк истории гуннов. Л., 1951. 105-б.). Бірақ қазақстандық бір топ ғалымдар (Аманжолов, Востров, Мұқанов, т.б.) усуньдердің тегі де, тілі де түркі тұқымдас екендігін дәлелдеуге тырысты. Бұл жерде ескерілмей жатқан бір нәрсе, жоғарыдағы дерек мәтіні болып табылады. Егер жас усунь ханзадасы хуннуларда (қытай дереккөздерінде түріктердің ата-бабасы) тәрбиеленсе, онда оның тілі де көне түрік тілінде шығатындығы ескерілмейді. Демек, усунь билеушілерінің түрік тілінде сөйлегендігі анық нәрсе.

Сондай-ақ, бірқатар көрші елдерде усуньді өз тарихының бастауы ретінде қарастыру да кеңінен орын алып келеді. Айталық, Ж.М.Малабаев өзінің «Начало

образования государственности кыргызов» атты мақаласында былай деп жазады: «Начало независимой государственности кочевых кыргызов относится к II в. до н.э. – к усуньскому периоду. Как этноним усунь представляет – «он урук эл» (народ десяти родов), действительное народное имя усуней было – киргиз. Имя усунь было политическим термином, названием того района (территория) или того политического союза киргизских родов» /27, 121/. Мұндай бағыттағы ойлар Ж.Ж.Жакыпбеков, К.М.Мамбетова, т.б. қырғызстандық зерттеушілердің еңбектерінде көптеп кездеседі. Алайда қырғыздардың негізгі ұлт ретіндегі ұйытқысы ерте орта ғасырлардағы Қырғыз қағанаты болғандығын, олардың Енисей өзені аңғарында өмір сүргендігін, Ыстықкөл төңірегіне кейіннен келгендігін ескерсек, усуньдер мен қырғыздар арасындағы генетикалық байланыс жоқтығы байқалады. Дегенмен Аристов салып берген, кейіннен А.Н.Бернштам қолдаған қырғыз ұлттық тарихы мен мемлекеттілігінің бастауларын Ыстықкөл маңында өмір сүрген усуньдерден бастаған бұл ғалымдарды да жазғыра қою кейде әбестік секілді көрінеді.

Себебі ұлт тарихының ілкідегі кездерінен қол үздіруге ұмтылып жүрген, қазақ халқы этникалық тұтастығын ескере қоймайтын мамандар Қазақстанда да жеткілікті. Бізге солардың бірі «Усунь и этногенез казахского народа» атты шағын монографияның авторы Б.Б.Ирмуханов секілді көрінеді /28/. Бұл автор усуньдер орта ғасырларда Қазақстан аумағында тіптен болмаған деп көрсетеді, кезінде бірқатар зерттеушілер (Бернштам, т.б.) айтқан ұлыс атауларының саяси жағдайларға байланысты өзгеретіндігін, олар мейлінше күшті тайпа немесе билеуші әулет атымен тарих сахнасына шығатындығын ескермейді. Б.Б.Ирмуханов өз кезегінде этнолог Э.Масанов «қателіктерін тапқан» Ш.Ш.Уәлиханов ізденістерін негізгі алады. Біз Ш.Ш.Уәлихановтың ерен еңбегін жоққа шығармаймыз. Оның әрине әлемдік тарихнамадағы орны зор екендігін білеміз. Ғалымның ғылыми ізденістерімен де,

оларды саралаған зерттеушілер (Д.И.Дулатова т.б.) еңбектерімен де таныспыз. Тек, Ш.Ш.Уәлихановтың да пенде екендігін, оған да қателесу немесе асыра дәріптеу де тән екендігін еске салғымыз ғана келеді. Кей жағдайлар ұлы ғалымның кейбір ойларына сыни көзбен қарауды қажет ететін секілді. Мәселен, бірқатар еңбектерінде Ш.Ш.Уәлиханов өз атасы Абылайды дәріптеп, Әбілмәмбет ханның рөлін төмендетіп көрсеткен. Ш.Ш.Уәлиханов атасы Абылай хан қайтыс болғаннан кейін жарты ғасырдан астам уақыт өткеннен кейін барып қана туылған, ес білгенше тағы он бес, жиырма шақты жыл тағы өткен. Ал Әбілмәмбет пен Абылайдың замандастары аталған екі тұлғаның ара-қатынасын басқаша сипаттайды. Айталық, 1758 жылы Орынбор канцеляриясы жіберген М.Шихов былай деп мәлімдейді: «...город Туркустан под властью имеет Убалмамет-хан, который Абылай-салтану брат и его Средняя ...орда по большей части слушает...» /29, 251/. Яғни, 1760 жылдары Әбілмәмбет ханның ықпалы Абылай сұлтанға жүріп тұрды, тіпті ол қайтыс болғанға дейін осылай болуы мүмкін. Әбілмәмбет хан Түркістанда отырып, Сарыарқаның бір бөлігіне Абылай сұлтан арқылы өз билігін жүргізіп отырды, оған сүйенді. Демек, ХУІІІ ғасыр адамдарының айтқанында шындық бар сияқты. Әрине, бұл біз көтеріп отырған тақырыптан тым алшақ жатқан мәселе, бірақ бұл жоғарыда біз айтқан мақсаттан ғана туындайды. Тек әрбір зерттеуші еңбегін, көзқарасын саралаудан өткізу қажет екендігін ғана айтып отырған жайымыз бар.

Ал Б.Б.Ирмуханов пікірлеріне оралар болсақ, бұл зерттеуші: «Видеть в усунях предков казахов, значит, поступаться истиной. Усуни, как и многие народы, исчезли с исторической арены, не оставив ни потомков, ни особой памяти о себе. Поэтому проблемы усуней – чисто историческая и она не имеет прямого отношения к казахскому этногенезу» деп жазады /28, 122/. Бірақ, усуньдер емес, ортағасырлық «моңғолдық» (негізі түркі) уйсундердің ешқандай із тастамай жоқ болып кеткендігін көреміз. Қазақ

шежіресінде ондай тайпа жоқ десе де болады. Ең бастысы Ұлы жүз құрамында «үйсін» деген тайпа жоқ, тек «Ұлы жүз – үйсін» деген сөз ғана бар. Оның өзін Н.Мыңжани секілді ғалымдар усунь, юечжи (ұлы иозы – «Ұлы жүз» сөз тіркесін қалыптастырған) тайпаларымен байланыстырады. Бұның есесіне ерте ортағасырларда кездесетін дулу (дулат), түркеш (сары үйсін), т.б. тайпаларды Ұлы жүз құрамынан кездестіреміз. Тіпті соңғы жылдары Б.Еженханұлы /30/ сынды шығыстанушы ғалымдар «юебань» атауының қазіргі «албан» атауымен сәйкес екендігін, олардың тікелей ұрпағы албан тайпасының өкілдері болып табылатындығын нақты дәлелдеп отыр. Ал қазақ құрамына енген «албан» тайпасы әлі күнге дейін Жетісу өңірін мекендеп келе жатқандығын ескерсек, онда қазақ халқы автохтонды деп айтуға әбден хақымыз бар. Б.Б.Ирмуханов сияқты тарихшылардың көзқарастарын келешекте басқа біреулер өз геосаяси мүддесіне пайдалануы мүмкін деген де қауіп жоқ емес.

Ғалымдар арасында кейбір ескерткіштер хронологиясына қатысты пікір алшақтығы кездеседі. Мәселен, Жетісудағы Қарғалы қойнауынан табылған көмбені алғашқыда зерттеген А.Н.Бернштам б.з.б. І ғасыр мен б.з. ІІ ғасырларына жатқызса, кейіннен бұл мерзім басқа зерттеушілер тарапынан нақтыланып, жәдігерлер б.з. ІІ ғасырына жатқызылды /26, 168/. Сондай-ақ М.Қойгелдиев сынды тарихшылар сақ заманындағы Есік обасынан табылған «алтын адамды» усуньдерге тиесілі деген пікір айтты /31, 11-16/. Шындығына келгенде, бұл ескерткіш ашылған кезінде тиісті бағасын алған, кейіннен оның мерзімі дәлелді түрде нақтыланған. Оны әлемдік тарихнама сақ заманына жатқызады. Оған ұқсас дүниелер Тувадан (Аржан обалары), Шығыс Қазақстандағы Зайсаннан (Шілікті жазығындағы Бәйгетөбе обасы) табылған. Жекелей табылған жүздеген олжалар да «скиф-сібір әлемінде» көптеп кездеседі. Сондықтан да сақ мәдениетін «үйсін мәдениеті» деп бұра тартқан біздіңше орынсыз секілді. М.Қойгелдиев келтірген бір мәселемен



келісе қою қиын. Автор усунь обаларында кездесетін «жерленген ит о дүниеде иесінің малын күзетіп, оны бәле-жаладан сақтауға тиіс болды» деп жазады /31, 16/. Жалпы алғанда, ит культы Орта Азияда кеңінен таралған. Оның сүйектері кем дегенде энеолит заманындағы ескерткіштерден бастап кездеседі. Антикалық дереккөздерінде Орта Азия ерте темір дәуірінің тұрғындарының итке деген сан алуан ырым-тиымдары, жосын-жоралғылары келтірілген /32/. Әйтсе де мамандар ит культын қола ғасырында және ерте темір дәуірінде өмір сүрген адамдардың діни түсінігімен әлдеқашан байланыстырған болатын. Зерттеушілердің пікірінше, ит Яма құдайдың серігі болған, оны бұл құдай үнемі қасына ертіп жүрген. Сол себепті де қайтыс болайын деп жатқан адамның қасына итті әкеліп, екеуінің көздерін түйістірген, солай жасаған кезде жын-шайтандар қашып кетеді деп сенген. Сондай-ақ өлген адам денесін итке тастап, оған жегізген (өз етін жегізу үшін тіпті итті арнайы бағып-күткен), сөйтіп, мүрдені аластаған. Бұлай жасаған кезде құдайға жақын боламыз, соның шарапаты тиеді деп үміттенген. Бұл салт-дәстүрді А.Македонский тоқтатқан. Яғни, қабірлерде ұшырасатын ит культы күрделі идеологиялық таным-түсініктерден тұрады. Усуньдерде соның бір жарқыншағы ғана сақталған.

\*\*\*

1. Айтуарова Б. Үйсіндердің қысқаша зерттелу тарихы// ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы. 1999. №14. 14-18 бб.; Сағынаева А.Н. Ежелгі тайпалық одақтар тарихының зерттелуі (1956-1991 жж.)// ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. 2004. №2 (33). 146-148 бб.
2. Сұңғатай С. Ежелгі усунь (үйсін) тарихы мен археологиясының қазіргі Қытай тарихнамасындағы зерттелуі// Орталық музей еңбектері. I. А., 2004. 376-384 бб.
3. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. В трех томах. А., 1998-1999.
4. Моржанов В.М. Дополнительные сведения об усунях из китайского источника «Ханьшу»// Вопросы истории Казахстана и Восточного Туркестана. Труды ИИАЭ им.

Қорыта айтқанда, усунь/үйсін тарихнамасында шешімін таппаған мәселелер жеткілікті болғанымен, оның бірқатар сауалдары ежелгі усуньдердің өткені қазақ тарихындағы белгілі бір мәдени қабат (пласт) болғандығын нақты аңғартады. Усуньдердің өз мемлекеттілігі, этникалық аумағы, билік жүйесі болғандығы белгілі. Келешекте осы бағытта ғылыми ізденістер жандана түсуі қажет.

Археологиялық материалдар усунь мәдениеті мен тарихының беттерін қайта қалпына келтіруге көп септігін тигізгендігі байқалады. Ал жаңа мағлұматтарды ғылыми айналымға тартып, сүбелі ой айтқан шығыстанушы-ғалымдардың (Н.Мұқаметханұлы, С.Сұңғатай, т.б.) пікірлерін, қазақ тілінде деректемелерді жеткізген мамандардың еңбектерін усуньтануға қосылған қомақты үлес деп бағалауға болады.

Усуньтануды жандандыру үшін көптеген проблемаларды қайта қарағастырып шыққан абзал. Мәселен, ескерткіштер картасын жасау, миграциялық жолдарын анықтау, археологиялық мәдениеттерін бөліп көрсету, археологиялық нысандардың хронологиясы мен кезеңдестірілуін нақтылау т.б.

Ч.Ч.Валиханова АН КазССР. Т.15. А.-А., 1962. С.123-127

5. Кюннер Н.В. Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. М., Изд. Вост. литер. 1961. 391с.
6. Материалы по истории сюнну (по китайским источникам). Вып. второй. Предисловие, перевод и примечания В.С.Таскина. М., «Наука» 1973. -170 с.
7. Боровкова Л.А. Запад Центральной Азии во II в. до н.э. – III в. н.э. (историко-географический обзор по древнекитайским источникам). М., 1989
8. Ежелгі Үйсін елі. Қытай деректері мен зерттеулер. Үрімші, 2005. 386 б.
9. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. II том. Сұңғатай С., Еженханұлы Б. Тарихи-мәдени жәдігерлер. А., 2005. – 80 б. + 132 бет жапсырма.

10. Досымбаева А. Культурный комплекс тюркских кочевников Жетысу. II в. до н.э. – V в. н.э. А., 2007. -216 с.
11. Шахматов В.Ф. К вопросу о племенных союзах и варварских, дофеодалных государствах на территории Казахстана// Вестник АН КазССР. 1950. №5 (62). С.66-77
12. Мұқаметханұлы Н. Үйсін мемлекеті// Алаш, 2005. №1
13. Байгунаков Д.С. Орталық Азиядағы бірқатар ежелгі қалалардың орны туралы// ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. 2009. №1. 6-12 бб.
14. Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы. А., 2001. -552 б.
15. Зуев Ю.А. К этнической истории усуней// Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. Тр. ИИАЭ АН КазССР, 1960. Том 8. С.5-23
16. Мұқаметханұлы Н. Үйсін мемлекеті (б.з.б. II ғ. – б.з. VI ғғ.) // Қазақ тарихынан. Шежірелер, жазбалар, пікірлер, зерттеулер. – Құрастырған – Нүрипа Құлмұхамбетова. Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2004. -464 бет. 275-300 бб.
17. Төлеубаев Ә.Т. Ертедегі үйсіндердің Тарбағатайдың теріскейіндегі ескерткіштері// ҚазМУ хабаршысы. Тарих сер. 1999. №12. 23-35 бб.
18. Лысенко Н.Н. Военно-политическая история аланов. Ранний период. II в. до н.э. – II в. н.э. СПб., Фонд Азии и Кавказа «Ариана», 2007. -647 с.
19. Сұңғатай С. Ежелгі үйсін ұлысы – қазақ мемлекетінің қайнар бастауы// Қазақ тарихы, 1997. №1. 17-20 бб.
20. Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники. М., 1964
21. Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. –Алматы: Дайк-Пресс, 2002. -338 с. + вкл. 12 с.
22. Мұсабаев Ғ. Үйсін туралы пікірлер// Қазақ тарихынан/ Құраст: Е.Аққошқаров – Алматы: Жалын, 1997. -544 бет. 69-100 бб.
23. Әбдірахманов А. Қазақстан этнотопонимикасы// Вестник АН КазССР, 1978. №1. 50-61 бб.
24. Омарбеков Т.О. Сақтар және үйсіндер: методологиялық мәселелер// Отан және элем тарихы ХХІ ғасырда: ғылыми парадигмалардың ортақтығы мен ерекшеліктері: Халықаралық Бекмаханов оқуларының ғылыми конференция материалдары. 2007 жыл 22-23 қараша. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. -388 б. 6-11 бб.
25. Васильев И.В. Кто вы, усунь?// Медный всадник – Казахстан: научный и литературно-художественный альманах. - Алматы: ТОО «Издательство LEM». 2007. -122 с. С.76-79
26. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана. Учеб. пос., А., 2006
27. Малабаев Ж.М. Начало образования государственности кыргызов// Вестник Кыргызского Национального Университета имени Жусупа Баласагына. Серия 1. Вып. 3. С.120-123
28. Ирмуханов Б.Б. Усунь и этногенез казахского народа. –Алматы: «Наш мир», 2006. -124 с.
29. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 3. – Алматы: «Атамұра», 2000. -768 с.
30. Еженханұлы Б. «Юебань» этнонимі туралы// Shygys, 2004. №1. 134-138; Еженханұлы Б. «Юебань» елі туралы қытай дерегінің Н.Я.Бичурин аудармасын қайта оқығанда// Shygys, 2005. №2. 90-95 бб.
31. Қойгелдиев М. Алтын киімді бекзада елі («Ежелгі Үйсін Елі») атты кітаптың жарық көруіне орай // Қазақ тарихы, 2006. №2. 11-16 бб.
32. Древние авторы о Средней Азии (VI в. до н.э. – III в. н.э.). Хрестоматия. Таш., 1940. -170 с.

\*\*\*

В данной статье рассматриваются проблемы истории усуней и поднимаются некоторые аспекты этого народа, являющихся предками казахов. Освещается историография усуней, рассматриваются труды видных историков-востоковедов, археологов занимавшихся проблемами племенных союзов и государственных объединений населявших территорию Казахстана. Труды ученых занимавшихся вопросами усуней и работавшие первоисточниками представляют большой интерес в деле изучения древней истории Казахстана.

\*\*\*

In this article is examined the historical problems of using, who appeared ancestors of Kazakhs. We showed the importance of works of prominent scientist's historiographies in studding the history of ancient tribal unions, had been living on the territory of Kazakhstan. The works of that historian are highly respected all over the world and are Heated now as main sources for studding Kazakhstan History on this Antigua period.